

Текелі қалалық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы "Текелі қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" №11-65 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 мамырдағы № 18-90 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылды 29 мамырда № 216-19 болып тіркелді

Текелі қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Текелі қалалық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы "Текелі қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" №11-65 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 191944 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Текелі қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті үйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша үйимдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

7-тармақтың 6) тармақшасының бірінші бөлігінде "5 (бес)" саны "7 (жеті)" санына өзгертілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қалалық мәслихатының төрағасы

Б. Тугулбаев